



**№ 1 (25)  
2012**

**Меншік иесі және баспагер:**  
«Қазақстан Республикасының  
Заң шығару институты» ММ

**2006 жылдан бастап шығады**  
Журналдың материалдары  
<http://www.izrk.kz> сайтында  
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша  
диссертацияларының негізгі ғылыми  
нәтижелерін жариялауға арналған  
басылымдар тізіліміне енгізілген  
(ҚР БҒМ БҒСБК 19.03.2009 ж.  
№329 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес:**  
Б.М. Имашев (Төраға)  
З.Х. Баймолдина  
А.А. Смағұлов  
М.Т. Баймаханов  
М.Ш. Қоғамов

**Редакциялық алқа:**  
Н.М. Әбдіров  
Б.М. Бишманов  
И.Ш. Борчашвили  
С.А. Бухарбаева  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Ғ.К. Есдәулетова  
А.Д. Жүсіпов  
Л.К. Қайырбаева  
Т.Е. Қаудыров  
В.Т. Қоныс  
Ж.О. Құлжабаева  
А.М. Нұрмағамбетов  
Р.Т. Нұртаев  
С.М. Рахметов  
Ө.Г. Сақтағанов  
Т.С. Сафарова  
М.А. Сәрсембаев  
А.М. Сәрсенов  
С.М. Төлепбаев  
А.Қ. Шаймұрынова  
У. Шапақ

**Редактор-корректор:**  
Г.Б. Колтубаева

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
БАҚ есепке қою туралы куәлік  
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

**Мекен-жайы:**  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қ.,  
Орынбор к., 8 үй  
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43  
E-mail: instzak-kz@mail.ru

# Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

**ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ**

## МАЗМҰНЫ

Б.М. ИМАШЕВ

Мемлекеттің заңмен байлануы, ал тұлғаның онымен «қару-  
лануы» қажет (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
сайты) ..... 7

### *Мемлекет және құқық тарихы мен теориясы*

Ж.И. ИБРАГИМОВ

Дауларды шешудің дәстүрлі жолдары ..... 9

М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ

Құқықтағы мерзімдерді есептеу мәселесіне қатысты:  
проблемалардың қойылуы..... 16

З.А. МАМЕДОВ (Баку қ.)

Әзірбайжандағы нотариаттық қызмет ..... 19

### *Конституциялық пен әкімшілік құқық*

А.Д. ЖҮСПОВ

Қаржы ұғымы және оның белгілері туралы мәселе..... 24

А.В. БАТАНОВ (Киев қ.)

Қазіргі кездегі еуропалық муниципализм адами өркениет  
феномені ретінде ..... 30

Р. ӨМІРТАЙ

Қазақстандағы босқындардың конституциялық құқықтық мәртебесі  
және босқындар мәртебесін берудің құқықтық іс-үрдісі ..... 38

С.Ш. ИСРАИЛОВА

Сайлау жүйесінің партиялық жүйеге ықпалы (мәселенің  
теориясы) ..... 43

Ө.Ш. ТӨЛЕУБАЕВА

Қызмет көрсету орталықтар Қазақстан Республикасындағы  
әкімшілік реформаның маңызды сегменті ретінде..... 46

### *Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы*

М.А. ӘЛЕНОВ

Кәсіпкерлік құқық саласын реформалау: статустық мәселелер ..... 51

С.П. МОРОЗ

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік заңнамасы: қалыптасу  
кезеңдері және жетілдіру мәселелері ..... 55

Е.Н. НҮРҒАЛИЕВА

Еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері ..... 61

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА

Өнеркәсіптік меншік объектілерінің жалпы сипат-  
тамасы..... 66

А.Ө. ҚАЛИЕВА

Еңбекті реттеудің шарттық әдістерін жетілдіру - еңбек құқығы  
дамуының шарты ..... 70

|                                                                                                                                                                                                  |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Д.Д. ҚАСЕНОВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарын неке шарты арқылы реттеу ерекшеліктері .....                                                                                                            | 73  |
| Р.Е. ЖАҚЫПОВ                                                                                                                                                                                     |     |
| Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша мұрагерлік құқықты қорғаудың кейбір мәселелері .....                                                                                                 | 76  |
| И.Е. АҚАТОВ                                                                                                                                                                                      |     |
| Қазақстан Республикасында құпия өсиетті іске асырудың кейбір аспектілері туралы.....                                                                                                             | 80  |
| Ә.Е. ЕШАНҚҰЛОВ                                                                                                                                                                                   |     |
| Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері.....                                                                                                                | 85  |
| <b>Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу</b>                                                                                                                                                 |     |
| Н.А. САРТАЕВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Заң техникасы: қылмыстық заңнамадағы жетілдіру бағыттары .....                                                                                                                                   | 88  |
| Н.С. МАШАНОВ                                                                                                                                                                                     |     |
| Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметін әрі қарай жетілдірудің кейбір мәселелері .....                                                                                                   | 93  |
| С.Б. АЙСИН                                                                                                                                                                                       |     |
| Айыппұл - экологиялық қылмыс жасаған заңды тұлғаларға қылмыстық жазаның тиімді шарасы.....                                                                                                       | 96  |
| С. РАХБЕРИ (Баку қ.)                                                                                                                                                                             |     |
| Әзірбайжан Республикасы және Иран Ислам Республикасындағы есірткі құралдарының және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күреске қатысты қылмыстық жауапкершіліктің кейбір мәселелері ..... | 100 |
| А.Т. ҚОНЫСБЕКОВА                                                                                                                                                                                 |     |
| Халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасының заңнамасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің дамуы .....                                                                                   | 105 |
| <b>Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама</b>                                                                                                         |     |
| А.А. МҰҚАШЕВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Траншекаралық су ресурстарын халықаралық-құқықтық реттеу .....                                                                                                                                   | 109 |
| А.Ғ. ҚАЗБАЕВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Құқықтық мониторинг шеңберіндегі коррупцияға қарсы талдаудың құқықтық негізі .....                                                                                                               | 112 |
| Г.Қ. НҰРКЕЕВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Қазақстан Республикасындағы құқықтық мониторинг: үдерістері және перспективалары .....                                                                                                           | 115 |
| <b>Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану</b>                                                                                                                                             |     |
| А.М. СӨРСЕНОВ                                                                                                                                                                                    |     |
| Еуразиялық полицияны (Еуразполды) құру туралы идеяға .....                                                                                                                                       | 118 |
| М.А. СӨРСЕМБАЕВ                                                                                                                                                                                  |     |
| Еуразиялық экономикалық қауымдастық: оның артықшылықтары мен иммунитеттері .....                                                                                                                 | 121 |
| Д.А. ПАШЕНЦЕВ (Мәскеу қ.)                                                                                                                                                                        |     |
| Бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекеттерінің заңнамасын біріздендірудің теориялық аспектілері .....                                                                                            | 126 |
| Б.Ө. АЛТЫНБАСОВ                                                                                                                                                                                  |     |
| Қазақстан Республикасының ДСҰ-на кіруінің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері .....                                                                                                             | 130 |
| Л.Н. ДЕШКО (Донецк қ.)                                                                                                                                                                           |     |
| Еуропалық қоғамдастықта және Еуропалық Одақтағы адамның құқықтарын қорғау қағидатының қалыптасуы .....                                                                                           | 135 |
| С.М. ОСПАНОВА                                                                                                                                                                                    |     |
| Корей Республикасында әйелдер құқықтарының дамуы: беталысы мен болашағы .....                                                                                                                    | 140 |
| А. ДӘУЕШЕВ                                                                                                                                                                                       |     |
| Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру саласындағы Канаданың тәжірибесі.....                                                                                                                        | 144 |
| <b>Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен</b>                                                                                                                                                |     |
| Н.М. ПРИМАШЕВ                                                                                                                                                                                    |     |
| Адам есімін құқық категориясы ретінде ресімдеудің кейбір аспектілері.....                                                                                                                        | 147 |

Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА

Қазақша заң тіліндегі келеңсіздіктер (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мысалында) ..... 151

Б.С. ОМАР

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) кейбір аударма сәйкессіздіктері ..... 155

Ж.М. ТҰРАРОВА

Нормативтік құқықтық актілердегі пунктуациялық мәселелер (азаматтық заңнамалық актілер мысалы негізінде) ..... 157

***Ақпараттық хабарлама***

М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ 2012 ж. 29 наурызда өткен жергілікті өзін-өзі басқаруын дамыту тұжырымдамасын талқылауына арналған дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама ..... 160



**№ 1 (25)  
2012**

**Собственник и издатель:**  
ГУ «Институт законодательства  
Республики Казахстан»

**Издается с 2006 года**  
Все материалы журнала  
размещаются на сайте  
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий  
для публикации основных  
научных результатов диссертаций  
по юридическим наукам  
(Приказ ККСОН МОН РК №329  
от 19.03.2009 г.)

**Редакционный совет:**  
Б.М. Имашев (Председатель)  
З.Х. Баймолдина  
А.А. Смагулов  
М.Т. Баймаханов  
М.Ч. Когамов

**Редакционная коллегия:**  
Н.М. Абдиров  
Б.М. Бишманов  
И.Ш. Борчашвили  
С.А. Бухарбаева  
С.Ф. Бычкова  
Д. Досмырза  
Г.К. Есдаулетова  
А.Д. Жусупов  
Л.К. Каирбаева  
Т.Е. Каудыров  
В.Т. Конусова  
Ж.О. Кулжабаева  
А.М. Нурмагамбетов  
Р.Т. Нуртаев  
С.М. Рахметов  
А.Г. Сактаганов  
М.А. Сарсембаев  
А.М. Сарсенов  
Т.С. Сафарова  
С.М. Тулепбаев  
А.К. Шаймурунова  
У. Шапак

**Редактор-корректор:**  
Г.Б. Колтубаева

Свидетельство о постановке  
на учет СМИ № 11219-Ж  
от 15.11.2010 г. Комитета информации  
и архивов Министерства культуры  
и информации Республики Казахстан

**Адрес:**  
Республика Казахстан,  
010000, г. Астана,  
ул. Орынбор, д. 8,  
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43  
E-mail: [instzak-kz@mail.ru](mailto:instzak-kz@mail.ru)

# Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

## СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                                                |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Б.М. ИМАШЕВ<br>Государство должно быть связано законом, а личность<br>«вооружена» им (сайт Министерства юстиции Республики<br>Казахстан) ..... | 7  |
| <b>Теория и история государства и права</b>                                                                                                    |    |
| Ж.И. ИБРАГИМОВ<br>Традиционные пути решения споров .....                                                                                       | 9  |
| М.Т. ГАБДУАЛИЕВ<br>К вопросу об исчислении сроков в праве: постановка<br>проблемы.....                                                         | 16 |
| З.А. МАМЕДОВ (г. Баку)<br>Нотариальная деятельность в Азербайджане .....                                                                       | 19 |
| <b>Конституционное и административное право</b>                                                                                                |    |
| А.Д. ЖУСУПОВ<br>К вопросу о понятии финансов и их признаках.....                                                                               | 24 |
| А.В. БАТАНОВ (г. Киев)<br>Современный европейский муниципализм как феномен<br>человеческой цивилизации .....                                   | 30 |
| Р. ӨМІРТАЙ<br>Конституционно-правовой статус беженцев и процедуры<br>предоставления статуса беженцев в Казахстане .....                        | 38 |
| С.Ш. ИСРАИЛОВА<br>Влияние избирательной системы на партийную систему<br>(к теории вопроса) .....                                               | 43 |
| А.Ш. ТУЛЕУБАЕВА<br>Центры обслуживания населения как важнейший сегмент<br>административной реформы в Республике Казахстан.....                 | 46 |
| <b>Гражданское и гражданско-процессуальное право</b>                                                                                           |    |
| М.А. АЛЕНОВ<br>Реформирование отрасли предпринимательского права:<br>статусные вопросы .....                                                   | 51 |
| С.П. МОРОЗ<br>Предпринимательское законодательство Республики Казахстан:<br>этапы становления и вопросы совершенствования .....                | 55 |
| Е.Н. НУРГАЛИЕВА<br>Вопросы совершенствования трудового законодательства.....                                                                   | 61 |
| И.К. ЕЛЕУСИЗОВА<br>Общая характеристика объектов промышленной собственности ....                                                               | 66 |
| А.У. КАЛИЕВА<br>Совершенствование договорных методов регулирования труда<br>как условие развития трудового права .....                         | 70 |

|                                                                                                                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Д.Д. КАСЕНОВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Особенности регулирования имущественных отношений супругов посредством брачного договора .....                                                                                                          | 73  |
| Р.Е. ЖАКУПОВ                                                                                                                                                                                            |     |
| Некоторые вопросы защиты права наследования по законодательству Республики Казахстан.....                                                                                                               | 76  |
| И.Е. АКАТОВ                                                                                                                                                                                             |     |
| О некоторых аспектах совершения секретного завещания в Республике Казахстан.....                                                                                                                        | 80  |
| А.Е. ЕШАНКУЛОВ                                                                                                                                                                                          |     |
| Некоторые проблемы защиты прав потребителей в Республике Казахстан.....                                                                                                                                 | 85  |
| <b>Уголовное право и уголовный процесс</b>                                                                                                                                                              |     |
| Н.А. САРТАЕВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Юридическая техника: направления совершенствования уголовного законодательства .....                                                                                                                    | 88  |
| Н.С. МАШАНОВ                                                                                                                                                                                            |     |
| Некоторые вопросы дальнейшего совершенствования правоохранительной службы в Республике Казахстан.....                                                                                                   | 93  |
| С.Б. АЙСИН                                                                                                                                                                                              |     |
| Штраф как эффективная мера уголовного наказания юридических лиц за экологические преступления .....                                                                                                     | 96  |
| С. РАХБЕРИ (г. Баку)                                                                                                                                                                                    |     |
| Некоторые вопросы уголовной ответственности за преступления, связанные с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ в Азербайджанской Республике и Исламской Республике Иран..... | 100 |
| А.Т. КОНЫСБЕКОВА                                                                                                                                                                                        |     |
| Развитие борьбы с коррупцией в международном праве и в законодательстве Республики Казахстан .....                                                                                                      | 105 |
| <b>Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА</b>                                                                                                                               |     |
| А.А. МУКАШЕВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Международно-правовое регулирование трансграничных водных ресурсов.....                                                                                                                                 | 109 |
| А.Г. КАЗБАЕВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Правовая основа антикоррупционного анализа в рамках правового мониторинга.....                                                                                                                          | 112 |
| Г.К. НУРКЕЕВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Правовой мониторинг в Республике Казахстан: тенденции и перспективы .....                                                                                                                               | 115 |
| <b>Международное право и сравнительное правоведение</b>                                                                                                                                                 |     |
| А.М. САРСЕНОВ                                                                                                                                                                                           |     |
| К идее создания Евразийской полиции (Евразпола).....                                                                                                                                                    | 118 |
| М.А. САРСЕМБАЕВ                                                                                                                                                                                         |     |
| Евразийское экономическое сообщество: его привилегии и иммунитеты.....                                                                                                                                  | 121 |
| Д.А. ПАШЕНЦЕВ (г. Москва)                                                                                                                                                                               |     |
| Теоретические аспекты унификации законодательства государств Единого экономического пространства .....                                                                                                  | 126 |
| Б.О. АЛТЫНБАСОВ                                                                                                                                                                                         |     |
| Организационно-правовые вопросы вступления Республики Казахстан в ВТО.....                                                                                                                              | 130 |
| Л.Н. ДЕШКО (г. Донецк)                                                                                                                                                                                  |     |
| Становление принципа защиты прав человека в Европейских сообществах и Европейском Союзе .....                                                                                                           | 135 |
| С.М. ОСПАНОВА                                                                                                                                                                                           |     |
| Развитие прав женщин в Республике Корея: тенденции и перспективы .....                                                                                                                                  | 140 |
| А. ДАУЕШЕВ                                                                                                                                                                                              |     |
| Опыт Канады в сфере организации государственных закупок.....                                                                                                                                            | 144 |
| <b>Из практики законодательства на государственном языке</b>                                                                                                                                            |     |
| Н.М. ПРИМАШЕВ                                                                                                                                                                                           |     |
| Некоторые аспекты оформления имени как правовой категории .....                                                                                                                                         | 147 |

А.А. ДАУЛЕТХАНОВА

Недочеты законодательства на казахском языке (на примере Гражданского кодекса Республики Казахстан)..... 151

Б.С. ОМАР

Некоторые несоответствия перевода в Гражданском кодексе Республики Казахстан (Особенная часть) ..... 155

Ж.М. ТУРАРОВА

Вопросы пунктуации в нормативных правовых актах (на примере актов гражданского законодательства) ..... 157

***Информационное сообщение***

М.Т. ГАБДУАЛИЕВ Информационное сообщение о круглом столе по обсуждению концепции развития местного самоуправления, 29 марта 2012 г. .... 160



**Өміртай Роза,**

*Абай атындағы ҚазҰПУ Азаматтық құқықтық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты*

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОСҚЫНДАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ ЖӘНЕ БОСҚЫНДАР МӘРТЕБЕСІН БЕРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІС-ҮРДІСІ**

Егемендігіміздің 20 жылдық тарихында отандық құқық ғылымындағы жаңалықтардың бірі – босқын атты құқық субъектісінің пайда болып, құқықтық ғылым тұрғысынан зерттеле бастауы, адам құқығының бір саласы ретінде – босқындар құқығының қалыптасуы болып табылады. Бұлайша айтуымызға себеп, Қазақстанда мемлекет қабылдаған нормативтік құқықтық актілер негізінде босқындармен байланысты қоғамдық қатынастар реттеліп, босқын мәртебесі берілуде. Осы жаңа құқықтық қатынасты зерттеу құқық ғылымында өзіндік орны бар өзекті мәселеге айналуға. Себебі, ол мемлекеттің қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Біздің мақсатымыз жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесінің ең әуелі конституциялық құқықтан бастау алатындығын ескере отырып, босқындар мәртебесін конституциялық құқықтық ғылым тұрғысынан зерттеу.

Отандық ғалым Ибраев Н.С. құқықтық мәртебе заң әдебиеттері мен зерттеушілердің пікірінде мынадай мағынада анықталады дейді: «В юридической литературе правовой статус определяется как юридически закрепленное положение субъекта в обществе, фиксирующее фактический (социальный) статус лица, его реальное положение в обществе».

Большинство исследователей определяют правовой статус как признанную Конституцией и законодательством совокупность прав и обязанностей субъектов, а также полномочий государственных органов и должностных лиц, с помощью которых они выполняют свои социальные функции. Именно право и обязанности составляют ядро правового статуса. Слово «статус» в переводе с латинского означает «положение, состояние кого-либо или чего-либо» [1, с. 84-88].

Қазақстан Республикасының Босқындар туралы заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес босқын мәртебесі Уәкілетті органның шешімі

негізінде беріледі. Уәкілетті орган дегеніміз – босқындар мәселесі бойынша қатынастарды реттеу саласында басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган [2]. Уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат тіркелген күннен бастап үш ай ішінде босқын мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды. Ал, егер шешім қабылдау үшін қосымша тексеру қажет болған жағдайларда, түпкілікті шешім шығару бір жылдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырылады. Аталмыш заңда «пана» ұғымы анықталған. Бұған дейінгі құқықтық құжаттарда «баспана» ұғымы қолданылатын еді. Пана – пана іздеген адамға босқын мәртебесін беру жолымен Қазақстан Республикасының аумағында қорғаудың ұсынылуы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

Бұл тұрғыдан алғанда, босқын мәртебесін беру туралы өтінішхаты негізінде пана іздеуші адамға конституцияға сәйкес құқықтың субъектісі болуға негіз бар. Ал, пана іздеген адам – уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен ҚР Босқындар туралы заңы негізінде конституциялық құқықтың бір институты ретінде – босқындар құқығы қалыптасуда. Босқындар құқығының субъектілерін заңға сәйкес екі топқа бөлуге болады: Негізгі субъектілер және арнайы субъектілер.

Негізгі субъектілерге: пана іздеген адам мен

босқынды, ал, арнайы субъектілерге: Босқындар мәселесімен айналысатын Уәкілетті органдарды жатқызамыз. Пана іздеген адам өтінішхатымен уәкілетті органға жүгінген адам. Ал, босқын - уәкілетті органның шешімі негізінде босқын мәртебесіне ие болған адам.

Пана іздеген адам – қазақстандық босқындар құқығында заңдастырылған жаңа категория болып табылады. Себебі, бұған дейінгі нормативтік құқықтық құжаттарда бұл ұғым кездеспейді.

Пана іздеген адамға уәкілетті орган оның өтінішхатының тіркелгендігін анықтайтын құжат береді. Ол құжат пана іздеген адамның куәлігі деп аталады. Осы куәлікпен бірге өтінішхаты бойынша шешім қабылданғанға дейін ҚР Ішкі істер органдарында тіркелу үшін уәкілетті орган пана іздеген адамға жолдама береді. Жолдама негізінде 5 жұмыс күнінің ішінде тіркеуге тұруға тиіс [2].

Пана іздеген адамның құқықтары мен міндеттері ҚР Босқындар туралы заңының 8-бабында анықталған. Пана іздеген адамдардың аудармашының ақысыз қызметтерін алуға және босқын мәртебесін беру туралы, өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар [2]. Мұндай құқықтардың негізі ҚР Конституциясының 13, 20-баптарында айшықталған [3]. Яғни әркімнің білікті заң көмегін алуға, заңда көзделген реттерде заң көмегін тегін алуға құқығы бар. Сондай-ақ, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және оны таратуға құқығы бар.

Пана іздеген адамның Қазақстанның консульдық мекемесі арқылы босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат беруге, жасаған өтінішхатын қайтарып алуға, уәкілетті органның босқын мәртебесін беру ден бас тартуы туралы шешіміне шағымдануға, осы шағымдану мерзімін қоса алғанда өтінішхаты бойынша шешім қабылданғанша Қазақстан Республикасында болуға құқығы бар. Пана іздеген адамға берілген бұл құқықтар да ҚР Конституциясының негізінде беріліп отыр. ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар.

ҚР Заңы бойынша пана іздеген адам мен босқынның шыққан еліне өз еркімен қайтуға немесе үшінші елге қоныс аударуға құқығы бар. Бұл көші-қон құқығының негізі ҚР Конституциясының 21-бабында былайша анықталған: 1. Қазақстан аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгендерден басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенін өзі таңдап алға құқығы бар. 2. Әркімнің Республика-

дан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар [4]. Осы құқығы бойынша сәйкесінше пана іздеген адам мен босқындар Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жерін ауыстырған кезде уәкілетті органда есептен және ішкі істер органдарында тіркеуден шығуға және тиісінше жаңа тұрғылықты жеріне келген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде есепке тұруға және тіркелуге міндетті.

Пана іздеген адам мен босқындарға Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызмет көрсетуіне, ҚР заңнамасына сәйкес еңбек ету бостандығы мен кәсіпкерлік қызметке, мүліктік және мүліктік емес игіліктерін сот арқылы қорғауға құқықтар берілген. Мұндай құқықтардың негізі де ҚР Конституциясының 24, 26, 29, 31-баптарында анықталған [4].

Қорыта келсек, пана іздеген адам ұғымы жаңа, әрі оның ҚР Босқындар туралы заңында анықталған құқықтары мен міндеттері ҚР Конституциясына толығымен сәйкес келеді.

Ал, пана іздеген адам мен босқындардың міндеттеріне ҚР Босқындар туралы заңы бойынша мыналар жатады: босқын мәртебесін беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті дәйекті мәліметтерді хабарлауға; денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімде және тәртіпте міндетті медициналық тексеріп қаралудан өтуге; Қазақстан Республикасының заңнамасын толығымен сақтауға; Қазақстан Республикасының аумағынан шығып кету ниеті туралы уәкілетті органға хабарлауға; Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында, халықаралық шарттарында көзделген міндеттерді мойнына алады [2].

Босқын сөзі ҚР Конституциясында тікелей қолданылмайды. Ал, босқын – пана іздеген адамның өтінішхаты негізінде босқын мәртебесіне ие болған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам. Сондай-ақ, ҚР Конституциясындағы «әркімнің», «әркім», «әркімге», «жұрттың», «ешкімді», «адамның», «әрбір адам» деген сөздері бар баптардың босқындарға да қатысы бар деуге болады.

Мәселен, ҚР Конституциясының 12-бабына сәйкес: «ҚР-да Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, оларды ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.» - делінген.

ҚР Конституциясының 12-баптың 4-тармағында: «заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе шетелдіктер мен азаматтығы

жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады» - делінген. Егер шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамға босқын мәртебесі берілетін болса, бұл баптың босқындарға да қатысты болғаны.

«ҚР Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңының 2-бабында өзінің басқа елдің азаматы екендігіне дәлелі барлар - шетелдіктер, дәлелі жоқтар - азаматтығы жоқ адамдар болып танылады делінген. Ал, осы заңның 5-бабында Қазақстан Республикасы адам құқықтары бұзылуының құрбандары болған шетелдіктерге баспана құқығын береді [5], - делінген. Ал, «ҚР Босқындар туралы» заңында «баспана» ұғымы қолданылмайды. Тек «пана» деген ұғым бар. Шетелдіктер босқын деп танылса, оларға баспана емес, пана беріледі деген сөз.

Сондай-ақ, ҚР Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.» - делінген. Әрі қарай ҚР Конституциясының 14-бабында заң мен сот алдындағы жұрттың теңдігі, ешкімді кемсітуге болмайтындығы, 15-бапта әркімнің өмір сүру құқығы, 16-бапта әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар екендігі, 17-бапта адамның қадір қасиетіне қол сұғылмайтындығы, ешкімді азаптауға, оған зорлық зомбылық жасауға, басқадай қатігездік немесе адамдық қадір қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы анықталған, 18, 19, 20, 21, 22, 24-, 26-баптарында белгілі конституциялық құқықтар берілген болса, 34, 35-баптарда босқындарға қатысы бар мынадай міндеттер анықталған: 1. Әркім ҚР Конституциясын, заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті. 2. Әркім Республиканың рәміздерін құрметтеуге міндетті. 3. Заңды түрде танылған салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы, әрі міндеті болып табылады делінген.

Қорыта келсек, ҚР Конституциясының өзінде босқындардың да конституциялық құқықтық мәртебесін анықтауға негіз болатын баптар бар. Сондай-ақ, ҚР Конституциясында, заңдарында, халықаралық шарттарда ерекше көзделмесе шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ, міндеттерді атқарады [4].

Ал, заңгер Е.Ч. Бобабаев азамат және азаматтығы жоқ тұлғаларды «жеке тұлға»

ұғымына сыйғызып мынадай түсінік береді: «Адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады» [6, 8 б.].

ҚР Босқындар туралы заңы негізінде босқындардың панаға, тиісті уәкілетті органдардан шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат сұратуға, уәкілетті органның босқын мәртебесін ұзартуы туралы, одан айыру немесе оны тоқтату туралы шешіміне шағымдануға, өзімен алып келген, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жинаған мүлкін қоныстану үшін өзіне құқық берілген басқа елге әкетуге, босқын куәлігі мен жол жүру құжатын алуға құқығы бар.

Босқын мәртебесін алған адам Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға, Қазақстан Республикасының аумағынан шығып кету туралы ниетін Уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Бұл міндеттермен қоса босқындардың өзге де құқықтары мен бостандықтары болады, сондай-ақ, ҚР Конституциясында, заңдарында халықаралық шарттарында белгіленген барлық міндеттерді мойнына алатындығы заңда анықталған.

ҚР Босқындар туралы заңының 10-бабында пана іздеген адамның өтінішхатты беруі және оны тіркеу тәртібі анықталған. Өтінішхатты беру іс үрдісін мынадай түрлерге топтастыруға болады:

1. Пана іздеген адам мемлекет аумағына келісімен күнтізделік бес күннің ішінде өтінішхатпен уәкілетті органға жүгінеді;

2. Егер пана іздеген адам Қазақстанға әлі келмеген болса, ҚР Дипломатиялық өкілдігіне немесе консульдық мекемесіне жүгіне алады. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекемесі босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты дипломатиялық арналармен уәкілетті органға қарауға береді;

3. Қазақстанның Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде көші-қон бақылауы пунктіне, мұндай пункт жоқ болған жағдайда шекара қызметінің бөлімшесіне өтінішхат береді;

4. Қазақстанның Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункті болмаған кезде адам Мемлекеттік шекараны мәжбүрлі түрде заңсыз бұзып өткен жағдайда, бір тәулік ішінде көші-қон қызметі жөніндегі уәкілетті органға жүгінеді.

5. Қазақстан аумағына заңсыз келген жағдайда ұсталып қалса, босқын мәртебесін беру туралы өтінішхат беру ниетін білдірсе, құзіретті органдар адам ұсталған кезден бастап бір тәуліктің ішінде уәкілетті органға хабарлайды. Уәкілетті орган екі күн ішінде өтінішхат иесінің Қазақстанда болу себебін анықтап, босқын мәртебесін беру туралы өтінішін тіркейді.

Өтінішхат тіркелген кезде пана іздеушіге куәлік беріледі. Куәлікке егер ол адамның он сегіз жасқа толмаған отбасы мүшесі болса бірге тіркеледі. Егер он сегіз жасқа толмаған адам өзі өтінішхат жолдаса оған да пана іздеуші куәлігі беріледі.

Пана іздеуші адамның өтінішхатын қарау нәтижесінде уәкілетті орган екі түрлі шешімнің бірін шығарады: Босқын мәртебесін беру туралы шешім немесе Босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешім.

Пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тартудың негіздері ҚР Босқындар туралы заңының 12-бабына сәйкес мынадай [2]:

- қудалау құрбаны болуы мүмкін деген негізделген қауіп болмаса;

- жалған мәліметтер мен жалған құжаттар ұсынған болса; адамда өзі оның қорғауын пайдаланатын үшінші мемлекеттің азаматтығы болса;

- егер адам қауіпсіз үшінші елдің аумағынан келген болса; егер аталған адамға қатысты өзі азаматы болып табылатын елде не келген елінде әрекет ететін террористік, экстремистік, сондай-ақ, тыйым салынған діни ұйымның қызметіне қатысады, не қатысты деп топшылауға салмақты негіздер болса;

- егер аталған адам жөнінде бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге белгіленген анықтамадағы осындай қылмыстарды жасады деп топшылауға салмақты негіз болса;

- егер аталған адамға қатысты ол Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын Біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) мен халықаралық ұйымдардың мақсаты мен принциптеріне қайшы келетін әрекеттердің жасалуына кінәлі деген салмақты негіз болса;

- егер аталған адам БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссариаттан басқа, БҰҰ органдарының немесе мекемелерінің қорғауын не көмегін пайдаланып отырса.

Босқын мәртебесі 2 негізде жойылады: 1. айыру; 2. тоқтату. Босқын мәртебесінен айырудың негіздері ҚР Босқындар туралы заңының 13-бабында анықталған. Оларды былайша жіктеуге болады:

- Босқын мәртебесін алу үшін жалған мәліметтер мен жалған құжаттар берген болса;

- 13-баптың 1 тармағының 2, 3, 4, 5-тармақшаларына сәйкес соттылығы болса: бейбітшілікке қарсы қылмысқа, әскери қылмысқа немесе адамзатқа қарсы қылмысқа қатысты шаралар қолдану мақсатында жасалған халықаралық актілерде осы әрекеттерге белгіленген анықтамадағы осындай қылмысы үшін сотталған болса; мемлекет аумағына келгенге дейін оның шегінен тысқары жерлерде жасаған саяси емес сипаттағы ауыр қылмысы үшін сотталған болса т.б.

Босқын мәртебесінен айыру туралы шешім шығарған соң бес күннің ішінде аталған адамға оған шағымдану құқығы түсіндіріліп табыс етіледі.

Ал, босқын мәртебесін тоқтатудың негіздері ҚР Босқындар туралы заңының 14-бабында былайша айшықталған:

- ҚР азаматтығын алса немесе өзі азаматы болып табылатын елдің қорғауын пайдаланса;

- Босқын деп тануға негіз болған мән жайлар өзгергендіктен шыққан елінің қорғауын пайдаланудан бас тарта алмайтын болса;

- өзінің бұрынғы елінің өзі жоғалтқан азаматтығын қайта қабылдаған болса;

- шыққан еліне өз еркімен оралса;

- ҚР аумағынан тысқары жерлерге тұруға кетсе.

Босқын мәртебесін беру туралы шешім қабылданған жағдайда пана іздеген адам куәлігі шешім шыққан күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде Босқын куәлігіне айырбасталады. Яғни, пана іздеуші босқын мәртебесіне ие болады. Босқын мәртебесі бір жылға беріледі. Босқын деп тануға негіз болған мән жай сақталған болса, босқын мерзім бітуге бір ай қалғанда уәкілетті органға өтініш жасауы негізінде тағы бір жылға, әрбір кейінгі жылға ұзарттыра алады. Ал, оны ұзартудың негізі жоқ деп тапса, босқын мәртебесін тоқтатады.

Қорыта келсек, босқындардың конституциялық құқықтық мәртебесі дегеніміз – ҚР Конституциясы мен заңдарына, мемлекет қосылған халықаралық шарттарға сәйкес анықталған құқықтар мен міндеттерден, кепілдіктер мен бостандықтардан тұрады.

#### Қолданылған әдебиет

1. Ибраев Н.С. Теоретические аспекты защиты прав и свобод человека // Развитие институтов демократии в Республике Казахстан в свете конституционной реформы 2007 года. Материалы международной конференции. – Алматы, 2008.

2. Қазақстан Республикасының Босқындар туралы заңы. 2009 жылғы желтоқсанның 4-і. № 216-4 ҚРЗ // Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. - 2009. - № 23. - 116-қ.

3. Халықтың көші-қоны туралы 1997 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР Заңы // Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. - 1997. - № 24, 341-қ.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. - 1996. - №4. – 217-қ.; - 1998. - №20. - 245-қ.; - 2007. - №10. – 68-қ.

5. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР 1995 жылғы 19 маусымдағы № 2337 Заңы // Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, № 9-10, 68-қ., Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы. - № 227 Заңы.

6. Бобабаев Е. Ч. Жеке тұлғалардың құқықтық мәртебесі: З.ғ. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған автореферат // - Алматы, 2009. - 30 б.



*Бұл мақалада Қазақстандағы босқындардың конституциялық құқықтық мәртебесі және босқындар мәртебесін берудің іс-үрдісі зерттелген.*

*В данной статье рассмотрен конституционно-правовой статус беженцев и процедуры представления статуса беженца в Казахстане.*

*In given article considered about constitutional status of refugees and procedures of representation of the status of refugee in Kazakhstan.*

**Түйін сөздер:** босқындардың конституциялық құқықтық мәртебесі, ҚР босқындар туралы заңы, босқындар құқығы.

**Ключевые слова:** конституционно-правовой статус беженцев, Закон «О беженцах» РК, право беженцев.

**Keywords:** the constitutionally legal status of refugees, the law of refugees of the RK, the rights of refugees in the RK.

